



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 21-28 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2023 жыл, 2 мамыр

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 28 сәуірде теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,9%-ға (457,68 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 453,39 теңге деңгейінде қалыптасты.

2023 жылғы 21-28 сәуір аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды.

2023 жылдың 1-тоқсанында АҚШ ЖІӨ тоқ/тоқ 1,1%-ға дейін бәсеңдеп, талдаушылардың күткенінен төмен болды. АҚШ-тағы PCE тұтынушылық шығыстарының базалық индексі 2023 жылдың 1-тоқсанында тоқ/тоқ 4,9%-ға дейін тез өсіп, күткеннен де жоғары болды. Жапония банкі ақша-кредит саясатының параметрлерін өзгеріссіз сақтап қалды. Еуроаймақтағы ЖІӨ-нің өсу қарқыны тоқ/тоқ 0,1% (талдаушылардың күткенінен төмен) болды.

Бұл факторлар дамушы нарықтарда валюталардың әртүрлі бағыттағы динамикасын құрды.


Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының¹ динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- **Индонезия рупиясы** Индонезияның борыш нарығына бейрезиденттердің ағылып келуі аясында 2%-ға (14 976-дан 14 674-ке дейін) нығайды (JPMorgan Индонезияның МБҚ-сын сатып алу көлемін олардың ҚХР-ға салған салымдарынан асып түсетін көлемде арттыруда);
- **Ресей рублі** сәуірдегі салық кезеңі аясында 1,8%-ға (81,7-ден 80,25-ке дейін) нығайды. РФ Орталық банкі негізгі мөлшерлемені 7,5% деңгейінде сақтап қалды;
- **Бразилия реалы** жұмыс орындарын құру және инфляцияны бәсеңдету бойынша сенімді деректердің шығуы аясында 1,2%-ға (5,05-тен 4,99-ға дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** Үндістанның борыш нарығына бейрезиденттердің ағылып келуі аясында 0,3%-ға (82,1-ден 81,83-ке дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** бір аптада 17,99-дан 18-ге дейін әлсіреп, өзгерген жоқ;
- **түрік лирасы** 0,3%-ға әлсіреді (19,4-тен 19,45-ке дейін). Түркия Орталық банкі базалық мөлшерлеме деңгейін 8,5% деңгейінде сақтап қалды;
- **Оңтүстік Африка ранды** Eskom ұлттық компаниясының электр жарығын өшіруіне байланысты инфляциялық күтудің өсуі аясында 1%-ға (18,11-ден 18,29-ға дейін) әлсіреді. ОАР Орталық банкінің болжамдары бойынша инфляция жөніндегі болжам 0,5 пайыздық тармаққа түзетіледі.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2023 жылдың басынан бастап 28 сәуірге дейінгі аралықта)





Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2023 жылғы 21-28 сәуір аралығында)



**Дамушы елдердегі валюталардың динамикасы
(2023 жылғы 14 сәуір = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz